

ОӘЖ 616-036.86-07

**ТІРЕК-ҚОЗҒАЛЫС АППАРАТЫ АУРУЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАҒАН МҰГЕДЕКТІКТІ
ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Т.Б. Даутов, А.М. Булемова, Г.А. Мерекеева, Л.Е. Аликанова

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қаласы

РЕЗЮМЕ

Изучение инвалидности в связи с заболеваниями опорно-двигательного аппарата было осуществлено с разработки программы, включающей цели и задачи исследования, основные методические подходы, официальные материалы, на основе которых были произведены медико-статистические расчеты. Такой подход обеспечил репрезентативность и достоверность полученных результатов.

SUMMARY

To study of invalid in connection with diseases of moving apparatus is realized with elaboration of programme which include the aim and tasks of investigation, the main methodical approach, the official material, on the base which was provide medical calculations/ This approach is guaranteed representative materials and reliable of the given results.

Тірек-қозғалыс аппараты ауруларына байланысты қалыптасқан алғашқы мұгедектік тұрғындардың еңбек стүге бағытталған қабілеттің төмendetеді, олардың қоғамдық және саяси белсенділігін азайтады. Осыған байланысты олардың арасында реабилитациялық шарапаларды белсенді ұйымдастыру, алғашқы профилактикасын жетілдіру, қоғамдық деңсаулық сақтау саласының аса маңызды міндеті болып табылады. Соңыктан, біздін жұмысымыздың алдына қойған негізгі мақсаты аймактық ерекшелікте есепке ала отырып, реабилитация шарапалары мен медициналық көмек сапасын арттырудың ғылыми негізін жасау болып табылады. Бұл мақсатты шешу үшін жұмысшылардың алдына нақты міндеттер қойылады және арнайы бағдарлама арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламада зерттеу әдістері мен ұсыныстары көрсетілді. Зерттеу нысандары ретінде тірек-қозғалыс аппараты ауруларына байланысты алғаш рет мұгедек болған 908 тұлға қарастырылды. Оларды зерттеу үшін мынадай әдістер қолданылды: әлеуметтік, гигиеналық, медициналық-статистикалық, математикалық модельдеу және болжамдау, сараптаманы бағалау. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мынадай көрсеткішті алуға негіз болды.

Зерттеу нысандары ретінде тірек - қозғалыс аппараты ауруына байланысты алғаш рет мұгедек болған 200 Шымкент қаласының тұрғыны алынды. Олардың басым бөлігі 20-29 жастағы мұгедектер, олардың үлес салмағы 22,9%, 30-39 жастағы мұгедектердің үлес салмағы – 23,7%, 40-49 жастағы мұгедектердің үлес салмағы 17,3%, 50-59 жастағы мұгедектердің үлес салмағы 11,2%. 20 жасқа дейінгі мұгедектердің үлес салмағы 24,9%.

Зерттеу нәтижелерін сараптау үшін медициналық-статистикалық әдістер қолданылды. Оның ішінде орта шамаларды, салыстыру шамаларын қолдана отырып, мұгедектердің медициналық демографиялық сипаттамасы жасалынды. Алынған деректердің шынайылығын анықтау үшін орта квадраттық ауытқу студенттер көрсеткіші және басқа да көрсеткіштер қолданылды. Сонымен қатар, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толық шешу үшін социологиялық зерттеу әдістері қолданылса енгізіледі. Алғаш рет мұгедектікке ұшырағандардың аурушаңдығын анықтау үшін мұгедектердің амбулаторлық карталары зерттелді және де әлеуметтік – медициналық сараптама комиссиясының құжаттары талданды.

Алғашқы мұгедектік тудыратын негізгі себептерді анықтау үшін және олардың жеке мінездемесін беру үшін аурудың төлкүжаттық деректері, білімі мен кәсібі, әлеуметтік топтары, жұмысы, жалпы еңбек өтілі және жалпы мамандық бойынша өтілі, еңбек ету ортасының негізгі зиянды себептері, өмір сұру салты, отбасылық жағдайы, экономикалық қаржылық жағдайы зерттелді және соның арқасында әрбір зиянды себептің қатерлі қуаты, мұгедектікке қосатын үлесі және әр аурудың реабилитациялық мүмкіндігі есептеліп шығарылады. Алынған деректер әрбір мұгедекті медициналық көмекпен қамтамасыз ету, қайталама профилактикалық шарапалардың жоспарын жасауға негіз болады.

Жұмыстың орындалуы бірнеше кезеңде жүзеге асырылады.

I кезеңде әдеби көздер сарапталды және ресми-статистикалық материалдар жиналды, олар өндөліп алғашқы мұгедектік оқиғаларының деңгейі мен құрамы анықталды. Осы материалдардың негізінде зерттеу бағдарламасы жасалды. Оның мақсаты мен міндеттері анықталды. Зерттеу нысандары мен көлемі және негізгі әдістері белгіленді.

II кезеңде алғаш рет тірек – қозғалыс аппараты ауруларына шалдығып, мұгедек болған тұлғалардың арасында сұракнама жүргізілді. Мұгедектердің медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясында алғашқы медициналық құжаттарындағы деректер зерттелді.

Шымкент қаласы тұрғындарының арасында қалыптасқан алғашқы мұгедектік оқиғаларының деңгейі мен құрамы зерттелді.

III кезеңде – зерттелген тұлғалардың медициналық - әлеуметтік мінездемесі жасалды. Сонымен қатар, олардың арасында қалыптасқан медициналық – биологиялық және әлеуметтік – гигиеналық қауіп себептері анықталды. Алғаш рет мұгедектік зерттеу үшін зерттеу бірлігі ретінде алғаш рет мұгедек болған тірек-

қозғалыс аппараты ауруы бар тұлға алынды. Сұракнаманы жүргізу барысында мүгедектікке ұшыраған 900 адамның аурушандығы туралы деректер қалыптастырылды. Салыстырмалы топ ретінде тірек-қозғалыс аппараты аурулары бойынша ауруы жоқ және мүгедек емес, бірақ құрамдық ерекшелігі оның ішінде, жастиқ, жыныстық, әлеуметтік – көсіби негізгі топқа сай келетін тұлғалар алынды. Негізгі және салыстырмалы топтардағы адамдар Шымкент қаласының аумағында өмір сүруде. Зерттеу нәтижесінде тірек-қозғалыс аппараты ауруларына байланысты алғаш рет мүгедектік оқығаларының болжамды деңгейі математикалық модельдеу әдісімен жасалды. Соңғы кезеңде алынған ғылыми материалдарды сараптап қорытынды жасалды және мүгедектердің ауруының алдын алуға, сапалы емделуге, реабилитацияны ұйымдастыруға, жетілдіруге бағыттайтын ұсыныстар жасалды.

ӘДЕБІЕТТЕР

- Попова Т.В. Современные аспекты социальной защиты инвалидов в Республике Казахстан // Денсаулық сактауды дамыту журналы. -- Алматы, 2008. - № 4. - С.43-46.
- Каусова Г.К., Попова Т.В., Жаликенова Б.А. Пути взаимодействия и преемственности в работе лечебно-профилактических учреждений и медико-социальных экспертных комиссий: методические рекомендации. / МТиСЗН РК, КазНИИ кардиологии МКОиЗ РК. - Алматы, 1998. - 26 с.

УДК 618.1-055.26-053.6:340.613 (574.5)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЗДАР АРАСЫНДА РЕПРОДУКТИВТІК ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮРДІСТІҚ СИПАТЫ

*A.P. Жұмадилова
ОҚМФА, Шымкент қаласы*

РЕЗЮМЕ

В настоящей статье рассматриваются репродуктивно демографической проблемы девочек подростков. Анализируются социально – экономическое и медико – социальное проблемы подростковый беременности.

SUMMARY

In this paper, are considered eligible reproductively demographic problems teenage girls. Analyzes the social - economical and health - the social problem of teenage pregnancy.

Медициналық – демографиялық үрдістің түзелуіне көптеген әлеуметтік – гигиеналық себептер әсерін тигізді. Оның ішінде тұрғындардың репродуктивтік ұстанымы ерекше орын алады.[1.2.] Шымкент қаласы тұрғындарының демографиялық қозғалысы үнемі динамикалық өсүмен сипатталады. 2000 жылғы көрсеткіштерге қарағанда (454,9 мың адам). Ал 2004 жылды тұрғындар саны 112% өскен. Жергілікті ұльттардың өзіндік салмағы 1995 жылы 49,6 % болса, 2004 жылы 59,9% жетіп отыр.

Тұрғын аймақ	Жылдар				
	2000	2001	2002	2003	2004
Оңтүстік Қазақстан облысы.	1987,8	1954,3	1972,7	1989,1	1992,5
Шымкент қаласы.	454,9	459,2	478,4	499,3	509,5

1 кесте. **Оңтүстік Қазақстан облысындағы және Шымкент қаласындағы тұрғындардың 2000-2004 ж.ж. демографиялық өрісі (мың адам деп есептегендеге).**

2004 жылғы демографиялық көрсеткіштерге қарағанда 1000 адамға шаққанда 24,0 бала туылып, 7,0 адам өлген, табиги өсім 17,0 адамды құраған.

Тұрғындардың арасындағы жасөспірімдік топтағы қыздардың үлес салмағы 8,9 % құрайды. Осы топтағы қыздардың ішінде жасына қарай бала көтеруден бастартқандардың жасы бойынша төмендегідей нәтижені көрсетті (2 кесте).

Жасы	Саны	
	Абс %	
13 жас	2	0,47±0,33
14 жас	2	0,47± 0,33
15 жас	58	13,55± 1,65
16 жас	138	32,24± 2,26
17 жас	228	53,27± 5,82
Қорытынды	428	100,0

2 кесте. **Жасөспірім қыздардың ішінде жасына қарай бала көтеруден бас тартқандар**